

МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОХИМИЯ

✓ Өсімдіктің жасыл бөліктерінің суды буландыруы:	транспирация
✓ Адам денесі судан тұрады:	65%
✓ Көпшілік көмірсулардың жалпы формуласы:	$C_n(H_2O)_2$
✓ Көмірсулар химиялық табигаты бойынша 3-ке бөлінеді:	Моносахарид, Дисахарид, Полисахарид
✓ Суда жақсы еритін, спиртте нашар, эфирде ерімейтін түссіз кристалл заттар:	Моносахаридтер
✓ Моносахаридтер бөлінеді:	Триозалар, Тетрозалар, Пентозалар, Гексозалар
✓ Үшатомды спирт – глицериннің тотығуы кезінде түзіледі:	Триозалар
✓ Үлпалардағы көмірсулардың ыдырау өнімдері:	Триозалар
✓ Фотосинтез кезінде аралық өнім ретінде пайда болады:	Тетрозалар
✓ Адам организмінде көмірсулар ыдырауының пентозалық циклінде түзіледі:	Тетрозалар
✓ Пентозаларға жатады:	Ксилоза, Дезоксрибоза, Рибоза
✓ Көбінесе өсімдіктерде кездеседі, кондитерлік өнеркәсіпте қолданылады:	Ксилоза
✓ РНҚ мен ДНҚ құрамына кіретін көмірсулар:	Рибоза мен Дезоксрибоза
✓ Глюкозаның ыдырауы кезінде пентозалық циклде түзіледі:	Рибоза
✓ Гексозаларға жатады:	Глюкоза, Фруктоза, Галактоза
✓ Ең негізгі моносахарид:	Глюкоза
✓ Глюкоза формуласы:	$C_6H_{12}O_6$
✓ Глюкозаның маңызды қызметінің бірі:	Гликолиз процесінде биологиялық отын
✓ Глюкоза өте оңай тотығады:	Оксидтермен және ауыр металл тұздарының гидроксидтерімен
✓ Гликозаның организмдегі тұрақты көзі:	Гликоген
✓ Гликозаның жеткіліксіздігінен туындастын аурулар:	Ацидоз, кетоз
✓ Гликозаның артық мөлшерінен туындастын ауру:	Диабет (қант диабеті)
✓ Толық піскен жүзімде көп мөлшерде болады:	Глюкоза (жүзім қанты)

✓ Үлпалар мен жасушаларда көмірсулардың ыдырауында аралық зат:	Фосфорланған глюкоза
✓ Мидың құрамына кіретін күрделі липидтер:	Цереброзидтер
✓ Жемістің, гүл шырынның (балдың) құрамында болады:	Фруктоза (жеміс қанты)
✓ Гликолиздік байланыстар арқылы байланысқан екі не бірнеше моносахарид қалдықынан тұрады:	Дисахаридтер
✓ Дисахаридтерге жатады:	Сахарозха, Мальтоза, Лактоза
✓ Дисахаридтердің негізгі өкілі:	Сахароза
✓ Сахароза формуласы:	$C_{12}H_{22}O_{11}$
✓ Сахароза көп кездеседі:	Қант қызылшасы, қант қамысы
✓ Сахароза құрамбөліктері:	Глюкоза мен Фруктоза
✓ Сахароза суда еруі:	Жақсы ериді
✓ Сахароза ерімейді:	Бейполярлы орг.еріткіштерде; абсолютті метанол мен этанолда
✓ Сахароза қалыпты ериді:	Этилацетат, анилин, метанол мен этанолдың судағы ерітіндісінде
✓ Адам ағзасында сахароза гидролизденеді:	Асқазан сөліндегі HCl мен ашишектің шырышты қабатындағы сахараз ферментері әсерінен
✓ Сүт қанты:	Лактоза
✓ Лактоза құрамбөліктері:	Галактоза мен Глюкоза
✓ Ана сүті мен сүтқоректілер сүтінің негізгі құрамдас бөлігі:	Лактоза
✓ Лактоза түзіледі:	Лактация процесінде сүт бездерінде глюкозадан
✓ Ішекте кальцийдің сінірлуга женілдетеді:	Лактоза
✓ Өте көп моносахарид қалдықтарынан құралған жоғары молекулалы заттар:	Полисахаридтер
✓ Полисахаридтерге жатады:	крахмал, гликоген, целлюлоза, хитин, муреин, мурамин, глюкоманнан, галактоманнан, амилаза, декстрин, пектиндік заттар
✓ Полисахаридтер құрамы мен құрылышы бойынша 4-ге бөлінеді:	Гомополисахаридтер, Гетерополисахаридтер; Сызықтық, Ұтақталған
✓ Біркелкі моносахарид қалдықтарынан тұрады:	Гомополисахарид
✓ Эртурлі моносахарид қалдықтарынан қалдықтарынан тұрады:	Гетерополисахарид

✓ Гомополсахаридтерге жатады:	Крахмал, Целлюлоза, Гликоген, Пектиндік заттар
✓ Сызықтық тізбектен тұратын полисахарид:	Целлюлоза
✓ Бұтақталған күрылымды полисахаридтер:	Гликоген, хитин
✓ Өсімдіктерде қор ретінде жинақталатын көмірсу:	Крахмал
✓ Крахмал формуласы:	$(C_6H_{10}O_5)_n$
✓ Крахмал майда дән түрінде жинақталады:	Өсімдіктің түйнегінде, тамырында; астық дақылдарының дәнінде
✓ Адам азық-тұлғандегі негізгі көмірсу:	Крахмал
✓ Өсімдіктің жасыл жапырағында фотосинтез нәтижесінде түзіледі:	Крахмал
✓ Крахмалды ыдарататын ферменттер:	Амилаза, глюкоамилаза, дисахаридаза
✓ Глюкоза қалдықтарынан құралған адам және жануарлар организмінде қорға жиналатын көмірсу:	Гликоген
✓ Гликоген көп мөлшерде болады:	Бауыр, қаңқа бұлышықет, жүректе
✓ Бауыр мен бұлышықеттердегі гликоген мөлшері төмендейді:	Ашыққан кезде
✓ Өсімдік жасушасының қабығын түзетін күрделі көмірсу:	Целлюлоза
✓ Целлюлоза форсуласы:	$(C_6H_{10}O_5)_n$
✓ Жануарлар үшін, әсіресі күйір қайыратындар үшін қоректік маңызы зор көмірсу:	Целлюлоза
✓ Целлюлозаның ағзадағы маңызды рөлі:	Ішектің толыққанды жиырылуын жақсартады; Оттің бөлінуі мен холестериннің ағзадан шығарылуы; Кейбір токсинтерді сініріп алады.
✓ Жемістердің, тамыржемістердің құрамында болатын полисахаридтер:	Пектиндік заттар
✓ Пектиндік заттар болатын жемістер:	Алма, алмұрт, цитрустық
✓ Пектиндік заттар болатын тамыржемістер:	Қызылша, сәбіз
✓ Сахароза және алма, сірке қышқылдарымен қосылып, кондитерлік өнеркәсіпте қолданылатын іркілдек зат түзеді:	Пектиндік заттар
✓ Пектиндік заттар молекула құрылышы:	1,4-гликолиздік байланыс; галактоза қалдықтары

✓ Пектиндік заттардың маңызы:	1) Адам ішегіндегі микрофлораның шіріту әрекетін бәсендегеді; 2) Токсиндік заттардың сыртқа шығарылуына жағдай жасайды.
✓ 1,2-гликозидік байланыс; фруктоза қалдықтарынан тұратын полисахарид:	Инулин
✓ Инулин кездеседі:	Бөрікгүл, нарғызгүл, бақбақтың тамырларында
✓ Көмірсулардың басқа жоғары молекулалы қосылыстармен байланыстары:	гликозаминонгликандар, мукополисахаридтер, гликопротеиндер, липополисахаридтер
✓ Организмнің иммунологиялық реакцияларының қалыптасуына маңызды рөл атқаратындар:	гликопротеидтер, гипополисахаридтер
✓ Лимфалық жүйе жасушаларының құрамына кіреді:	гликопротеидтер, липополисахаридтер
✓ Корғаныш қызметі:	Өсімдіктердің зақымданған жерінен шайыр мен шырыш құрамында болып, ішке потогенді организмдердің енуіне жол бермейді. (моносахарид)
✓ Рецепторлық қызметі:	Жасуша мембранның арқылы тасымал; сыртқы жағымсыз әсерді сезуші «қарауыл» қызметі. (ди және полисахарид)
✓ Энергетикалық қызметі:	Бүкіл жасушаішлік процестерді, бүтіндей ағза жұмысын энергиямен қамтамасыз ету. Энергияның қайнар көзі – глюкоза. 1 г көмірсу тотықса 17,6 кДж энергия босап шығады.
✓ Осмостық қысым реттеу:	глюкоза бақылайды. Кейбір полисахаридтер қорға жиналады.
✓ Құрылыштық қызметі:	Өсімдік жасушасының қабырғасында целлюлоза; бунақденелілер жабыны мен саңырауқұлақ жасуша қабырғасында хитин негізгі құрамы.
✓ Метаболизмдік қызметі:	пентозалар нулеотидтерді (рибоза РНҚ, дезоксирибоза ДНҚ); кейбір коферменттерді (НАД, НАДФ, А, ФАД); АМФ-ты синтездеуге және фотосинтез процесіне қатысады

✓ Редуциренетін қанттар:	Моно және көптеген дисахаридтер
✓ Моно және дисахаридтердің барлығының молекуласында бар:	Карбоксил тобы

✓ Фалымдар редуцирленетін қанттарды анықтау үшін қолданады:	Бенедикт және Фелинг реакциясы
✓ Азық-тұліктерде ең кең таралған қанттар:	Глюкоза, фруктоза
✓ Азық-тұліктерде салыстырмалы түрде аз таралған қант:	Галактоза
✓ Редуцирленбейтін қанттар:	Полисахаридтер
✓ Редуцирленбейтін қанттарда ең кең таралғаны:	Сахароза
✓ Редуцирленбейтін қанттар құрылышы:	Бірнеше химиялық сақиналар; байланыстыруыш молекулаға беретін бос электрондары болмайды. Сондыктан, тотығу байқалмайды.
✓ Липидтерден ең көп таралған негізгі түрі:	майлар
✓ Қаныққан (бір байланысты) майлар:	пальмитин, стеарин
✓ Қанықпаған (қос байланысты) майлар:	олеин, линол, линолен
✓ Майда еритін заттар:	холестерин, майда еритін А, Д, Е, К витаминдері
✓ Липидтердің құрамына кіретін маңызды қаныққан май қышқылдары:	стеарин
✓ Майлардың ортақ қасиеті:	гидрофобтылығы
✓ Организм үшін маңызды, барлық азық-тұлектердің құрамына кіретін негізгі үштік:	нәруыз, май, көмірсу
✓ 1 кг майдың тотығуы 1 л-ден астам суды бөліп шығаратын май қызметі:	эндогенді
✓ Рационда бір тәуліктे қажет май мөлшері:	40 г
✓ Зиянды майлар тобы:	қаныққан май
✓ 1 гр май толық ыдырағанда неше энергия бөлінеді:	38,9 кДж/ 39,1 кДж
✓ 1 кг май ыдырағанда түзілетін су мөлшері:	1,1 кг су (1 л су)
✓ Семіздіктің негізгі себептері:	калорияны шектен тыс пайдалану.
✓ Транс майлар көп мөлшерде кездеседі:	тұздық, маргарин, майлы тәттілер т.б.
✓ Фибрillярлы нәруыздар:	кератин, коллаген, эластин, фиброин
✓ Сіңір мен бұындар құрамына енетін нәруыздар:	коллаген, эластин
✓ Шаш, тырнақ, қауырсын құрамына енетін нәруыздар:	кератин
✓ Жібек талшығы мен өрмекші торын түзетін нәруыз:	фиброин
✓ Астық тұқымдастардың дәндерінде корға жинақталатын нәруыз:	глютелин мен гистон
✓ Хромопротеиндердің негізгі өкілі:	родопсин
✓ Гемоглобин және басқа да құрамында гем болатын нәруыздар:	гемопротеин

✓ Жиырылғыш нәруыздар:	миозин, актин
✓ Құрылымдық қызмет атқарушы нәруыздар :	коллаген
✓ Қан құрамындағы глюкозаны реттейді:	инсулин мен глюкаген
✓ Нәруыз мономері:	аминқышқылдар
✓ Биологиялық процестерді басқаруға қатысатын нәруыздар:	реттеуші
✓ Нәруыздың бірінші реттік құрылымының байланыс түрі:	пептидті
✓ Нәруыздың екінші реттік құрылымының байланыс түрі:	сүтектік
✓ Нәруыздың екінші реттік құрылымының полипептидтік тізбектің кеңістіктегі пішні:	оралма
✓ Нәруыздың бастапқы конформациясының қайта қалпына келуі:	ренатурация
✓ Нәруыздың кеңістік конфигурациясының өзгеруі:	денатурация
✓ Реттеуші нәруызы:	гормон
✓ Тірі организмдердегі генетикалық ақпараттың ұрпақтан ұрпаққа берілуіне, сақталуына жауапты нуклеин қышқылының бірі:	ДНҚ
✓ Нуклеотидтің орташа молекулалық массасы:	345
✓ ДНҚ құрылымы мен қызметін ашқан ғалымдар:	Д.Уотсон-Ф.Крик
✓ Жасуша ядросы құрамынан қышқылдық қасиеті бар затты бөліп алғып, оны алғаш нуклеин қышқылы деп атады:	И.Ф.Мишер
✓ ДНҚ молекуласының құрамына төрт нуклеотид кіретіндігін тапты:	Э.Чарграфф
✓ Э.Чарграфф ережесі:	A=T C=G
✓ Аденин мен тимин сүтектік байланыс саны:	2 сүтектік байланыс
✓ Гуанин мен цитозин сүтектік байланыс саны:	3 сүтектік байланыс
✓ ДНҚ н/е РНҚ деп аталау себебі:	нуклеотид молекуласының құрамына кіретін пентоза түріне байланысты
✓ Редупликация:	ДНҚ молекуласының екі еселенуі
✓ Молекуласындағы нуклеотид қалдықтарының белгілі тәртіппен кезектесіп қайталануы:	ДНҚ I реттік құрылымы
✓ Көс шиыршықты, көптеген дезоксирибонуклеотид тізбектерінің оралым түрінде болуы:	ДНҚ II реттік құрылымы

✓ Оралым кеңістікте бүктеліп орналасады:	ДНҚ III реттік құрылымы
✓ Эр тізбектің орамы тұрады:	10 қос нуклеотидтен
✓ Бір орамның ұзындығы	3.4 нм
✓ Нуклеотидтердің арақашықтығы	0.34 нм
✓ Сутектік байланыстарды үзетін ерекше фермент:	ДНҚ полимераза
✓ Сутектік байланыстарды үзетін ерекше ферментті бөліп алды:	М.Месельсон мен Ф.Сталь
✓ Жартылай сақтала екі еселену.	азоттық негіздер арасындағы әлсіз сутектік байланыстар үзілгеннен кейін негіздер ыдырап, ДНҚ молекуласының қос тізбегі ашылған сырма сияқты екі жаққа кетеді
✓ Бытыранқы екі еселену (дисперсивті):	ДНҚ молекуласы қысқа болшектерге ыдырап, жаңа түзетін қос тізбектің негізі қаланады
✓ РНҚ-ның ДНҚ-ның айырмашылығы:	ол біртізбекті полимер, оның полимерлік жіппесі қант қалдығы рибоза мен фосфор қышқылы қалдығының кезектесіп орналасынан тұрады
✓ Жасушадағы қызметіне қарай РНҚ түрлері:	ақпараттық, тасымалдаушы, рибосомалық
✓ a-РНҚ қызметі	бір не бірнеше нәруыз жайлы ДНҚ-ның генетикалық ақпараттарын жазу және нәруыз синтезі жайлы ақпаратты цитоплазмаға тасымалды
✓ t-РНҚ-ның қызметі:	аминқышқылдарын рибосомаға тасымалдайды
✓ p-РНҚ-ның қызметі:	рибосоманың құрылымдық тірегін түзеді, онда нәруыз синтезі жүреді

ЖАСУШАЛЫҚ БИОЛОГИЯ

✓ Кез келген тірі ағзаның тіршілік белгілерін сақтайтын ең кіші құрылымдық бөлшегі:	жасуша
✓ Қос мембраналы органоидтар:	ядро, пластид, митохондрия
✓ Бір мембраналы органоидтар:	ЭПТ, Гольджи аппараты, лизосома, вакуоль
✓ Мембранасыз органоидтар:	рибосома, жасуша орталығы
✓ Бактерия қабырғасын құрайды:	муреин
✓ Санырауқұлактардың жасуша қабырғасының негізгі компоненттері:	хитин, глюкан
✓ Д – глюкоза мономерінен тұратын полисахаридтер:	глюкан
✓ Диатомды балдырлар қабырғасы:	кремнезем.
✓ Өсімдік қабырғасының негізгі компоненттері:	қанқа, матрикс, құраушы заттар.
✓ Өсімдік жасуша қабырғасының қаңқасы:	целлюлоза.
✓ Микрофибрillдер:	сүтектік байланыстың түзілуіне байланысты негізгі заттарға и/е матрикстерге еніп орналасқан, целлюлоза молекулалары берік.
✓ Матриктің негізгі компоненттері:	пектин, гемицеллюлоза
✓ Өсімдік жемістерінде көп мөлшерде болады:	пектин.
✓ Лигниндер:	ағаш сүрегінде болатын, көміртегі мол органикалық заттар.
✓ Целлюлоза талшықтарын өзара біріктіретін цемент сияқты зат, ол өсімдіктердің сүректенуіне жауапты:	лигнин
✓ Сүректенудің маңызы:	жасуша қабырғасының беріктігі, су откізбейтін қабілеті артады.
✓ Жасуша қабықшасының көбінесе сыртқы бетіне жиналады:	кутин, суберин, балауыз
✓ Жасуша қабықшасының ішкі қабатында тоздану процесі нәтижесінде жинақталады:	суберин
✓ Жасушаны инфекциялардың енуінен қорғау, судың булану деңгейін төмендету:	балауыз, кутин
✓ Жасушаның сыртын қаптайтын, өте тығыз, қатты, қалып, ыстық суда ерімейтін мықты бөлімі:	плазмалық мембрана (плазмолемма)
✓ Мембраналар липидтердің 3 түрінен тұрады:	фосфолипид, гликолипид, холестерол.
✓ Биологиялық мембранның негізгі компоненті:	Фосфолипид

✓ Көмірсулар қосылған липид, плазмалық мембранаң сыртқы липидтік қабатының барлық үшпаларында болады:	Гликолипид
✓ Липидтердің гидрофобты құйрықшалары арасындағы бос орынды толтырып, оларға иілуге мүмкіндік бермейді, мембраналарға беріктік қасиет береді:	холестерол:
✓ Нәруыздар жанында белгілі бір ретпен орналасқан, аз қозгалатын, құрамында салыстырмалы түрде қанықкан май қышқылдары бар ж/е мембранадан нәруыздармен бірге бөлініп шыққан зат:	Аннулярлы липидтер:
✓ Иілгіштік қасиет береді:	Фосфолипидтер:
✓ Қаттылық пен тұрақтылық береді:	Холестерин
✓ Фосфолипидтердің қызметі:	майларды, май қышқылын, холестринді тасымалдауға қатысады.
✓ Жасушаның түссіз, сұйық қоймалжың тірі заты:	цитоплазма
✓ Жұмыртқа ақуыза ұқсас, мөлдір, желім тәрізді қоймалжың тірі заты:	цитоплазма
✓ Цитоплазма қызметтері:	тынысалу, коректену, зат алмасу
✓ Жасушаның тіршілігіне қажетті денешіктер орналасқан:	цитоплазмада
✓ Жасушаның барлық күрделі тіршілік әрекетіне қатысады:	цитоплазма
✓ Жасушадағы зат алмасудың көпшілігі жүзеге асады, үздіксіз қозғалыста болады:	цитоплазма
✓ Цитоплазманың сыртын қаптайты:	плазмолемма
✓ Цитоплазманың түр негізі:	гиалоплазма
✓ Цитоплазманы өсімдік жасушасынан тапқан:	Ян Пуркинье
✓ Плазмалық мембрана арқылы бөлінген жасуша ядросын қоршап жатқан қоймалжың зат:	цитоплазма
✓ Органоидтар мен қосындыларынан айырылған цитоплазма бөлігі:	гиалоплазма
✓ Цитоплазманың дисперсті ортасы:	су
✓ Цитоплазманың дисперсті фазасы:	нәруыз, май, көмірсу, бейорганикалық қосылыстар
✓ Цитоплазмада жүретін реакция:	гликолиз
✓ Глюкозаның анаэробты тотығу нәтижесінде пирожүзім қышқылының екі молекуласы	гликолиз

тұзіледі, АТФ – тің макроэргинді қосылысында жинақталатын энергия бөлінеді:	
✓ Цитоқаңқаның компоненттері:	микротүтікше, микрофиламенттер, аралық филаменттер
✓ Тұтікшелерді жинақтайтын суббірліктер ретінде, тубулиннің жұп глобуласынан тұратын ж/е ассосация кезінде алдын ала поляризацияланған нәруыз молекуласы тубулинді тұзеді:	димерлер
✓ Микротүтікшелер қызметі:	плазмолемманың астында орналасып, тірек, тасымалдаушы қызметін атқарады
✓ Микротүтікшелерден әлдеқайда жіңішке нәруыз талшықтары:	микрофиламенттер
✓ Микротүтікшеден жұқа, микрофиламенттен қалың, цитоплазманы тесіп өтетін қатты, берік нәруыз талшықтары:	аралық филаменттер
✓ Эпителий мен бұлшықет жасушаларында көп кездеседі:	аралық филаменттер
✓ Бір – біріне бұрыш жасап орналасатын цилиндр тәріздес дене:	жасуша орталығы (центросома)
✓ Клетканың белінүйінде маңызды роль атқарады:	жасуша орталығы
✓ Хромосомалардың полюстерге ажырауын қамтамасыз етеді:	жасуша орталығы
✓ Жоғары сатыдағы өсімдіктерде мұлдем болмайды:	жасуша орталығы
✓ Микротүтікшелерден тұзіледі, цитоплазманың тереңінде орналасқан:	центросома
✓ Жануар жасушаларында болады, жоғары сатылы өсімдіктерде, тәменгі сатылы саңырауқұлақтарда, кейбір қарапайымдыларда болмайды:	центросома
✓ Жасушалардың реттеу процесіне қатысатын негізгі құрылым, қызметінің бұзылуы жасуша циклінің аномалиясына, ұлпалар дамуының бұзылуына, түрлі аурулардың пайда болуына әкеледі:	центросома (жасуша орталығы)
✓ Жасушаның белінүйі кезінде екі еселенуге қабілетті өзін – өзі реттейтін құрылымдар:	центроиддер
✓ Нәруыз биосинтезін жүзеге асыратын органоид:	рибосома
✓ Рибосома қызметі:	нәруыз синтездейді
✓ Рибосома орналасады:	түйіршікті ЭПТ

✓ Рибосома құрылышы:	РНҚ, ақуыз
✓ Барлық эукариот, прокариот жасушаларында болады:	рибосома
✓ Үлкен, кіші суббірліктен тұратын органоид:	рибосома
✓ Цитоплазманың барлық ішкі аймақтары мен барлық органоидтарды бір – бірімен байланыстырып тұратын органоид:	эндоплазмалық тор
✓ Эндоплазмалық тордың түрлері:	тегіс, түйіршікті
✓ Тегіс ЭПТ синтезделеді:	көмірсу, май
✓ Түйіршікті ЭПТ синтезделеді:	нәруыз
✓ Модификацияға ұшыраған нәруыздар мен липидтерді тасымалдайды:	Гольджи аппараты
✓ Жасушаның «экспорттық жүйесі»:	Гольджи аппараты
✓ Биосинтез кезінде керексіз заттарды тасымалдайды:	К.Гольджи
✓ Ядроға жақын, жасуша орталығын(центриоль) айнала қоршап жататын көпіршік тәрізді органоид:	Гольджи аппараты
✓ Гольджи аппаратының екі түрлі жағы бар:	қалыптастыруыш (проксималды), жетілген (дисталды)
✓ Гольджи аппаратының қалыптастыруыш (проксималды) жағы:	ЭПТ қараган жағы, дәл осы жерден Гольджи аппаратына нәруыздар мен липидтерді жеткізетін көпіршіктер енеді
✓ Гольджи аппаратының жетілген (дисталды) жағы:	нәруыздар мен липидтерді жасушаның басқа беліктеріне жеткізетін и/е оларды сыртқа шыгаратын көпіршіктер түзілетін жағы
✓ Гольджи кешенінің әр жиынтығы «цистернадан» құралады, Гольджи аппаратының құрылымдық – функционалды бірлігі:	диктиосома
✓ Гольджи аппаратының қызметтері:	нәруыздарды, липидтерді, көмірсулады жинау; түскен органикалық заттарды мембраналық көпіршіктерге (везикулаларға) модификациялау ж/е қаптау; нәруыздардың, липидтердің, көмірсуладың секрециясы; лизосома түзілетін орын
✓ 30 аса ферменттері бар, олар көмірсу, белоктарды, нуклейн қышқылдарын ыдыратады:	лизосома

✓ Ферменттердің әсерінен заттың ыдырауы:	лизис
✓ Жасушаның “асқорыту станциясы”:	лизосома
✓ Гольджи жиынтығының көпшілктерінен түзілетін органоид:	лизосома
✓ Лизосоманы ашқан ғалым:	Де Дюв
✓ Гидролитикалық ферменттер жиынтығы бар ұсақ көпшілктер:	лизосома
✓ Қажетсіз жасуша құрылымдарын жою процесі:	автофагия
✓ Жасушаның өздігінен жойылуы, лизосомадағы заттардың босап шығуы нәтижесінде пайда болады:	автолиз
✓ Жәндіктердің түрөзгерісі (метаморфоз) кезеңінде (шөмішбастың құйрығының жойылуы), өлексенің ыдырауы барысында пайда болады:	автолиз
✓ Лизосоманың қызметі:	жасушаның қажетсіз жасушалық, жасушалық емес құрылымдарды жою
✓ Митохондрияға дейін пайда болған ежелгі органоидтар:	пероксисома
✓ Пероксисомадағы маңызды ферменттер:	каталаза, оксидаза
✓ Ірі пероксисомаларда тығыз өзек:	нуклеоид
✓ Цитоплазмада орналасқан, сыртында қабықшасы бар іші шырынға толы бөлігі:	вакуоль
✓ Вакуольдің қызметтері:	сұлы органды қалыптастырады; сүйкіткіштің қысымын реттейді; улы заттарды ыдыратады
✓ Вакуольдың сыртқы қабықшасы:	тонопласт
✓ Органикалық, бейорганикалық заттардың сүйкі ерітіндісімен толтырылған сыйымдылық:	вакуоль
✓ Өсімдік вакуолін штолтырып тұратын сүйкіткіш:	жасуша шырыны.
✓ Жануар жасушаларында гидролитикалық ферменттері бар екінші реттік лизосомалар:	асқорыту мен автофаг вакуольдері
✓ Біржасушалы жануарларда осморегтеуші ж/е беліп	жиырылғыш вакуоль
✓ шығару қызметін атқарады:	
✓ Эукариотты клеткалардың барлығында болады, автотрофты, гетеротрофты организмдердің цитоплазмасында кездеседі:	митохондрия

✓ Митохондрияның сыртқы мембранасында болатын үрдіс:	тотығу процесі
✓ Митохондрияның ішкі мембранасының қызметі:	АТФ синтездейді
✓ Жасушаның энергия станциясы:	митохондрия
✓ Митохондрияның қызметтері:	тотығу процесіне қатысады; АТФ синтездейді
✓ Ішкі мембрана сыртқы мембранаға қарағанда едәуір ұзын, сондықтан ол көптеген қатпар (тарак), тұтік тәрізді (пластиналы) өсінділер түзеді:	криста
✓ Митохондрияның ішкі кеңістігі:	матрикс
✓ Тек өсімдік жасушасына тән органоид:	пластид
✓ Санырауқұлақтарда, бактерияда болмайды:	пластид
✓ Өсімдікке жасыл тұс береді, фотосинтез процесін жүзеге асырады:	хлоропласт
✓ Жарықсыз өсірген өсімдіктер:	этиопласт
✓ Хлоропластқа айналу барысында мембранадан түзілген жұқа қапшық:	тилакоид
✓ Тилакоидтардың жынытығы, фотосинтез процесі жүреді:	грана
✓ Тилакоид пен граналарды байланыстырады, фотосинтездің биохимиялық реакциясы жүреді:	строма
✓ Хлоропласттың ішіндегі гель тәрізді бөлімі:	строма
✓ Гүл күлтелеріне қызыл, сары, қызылт сары тұс береді:	хромопласт
✓ Хромопласттардың түстері әр түрлі гүлдерде әр түрлі болатынын қамтамасыз ететін пигмент:	каротиноид
✓ Түссіз пластид:	лейкопласт
✓ Өсімдіктің тамырында, тұқымында, тамырсағында, түйнегінде болады:	лейкопласт
✓ Қоректік заттарды қорға жинаиды:	лейкопласт
✓ Крахмалды синтездейтін лейкопласт:	амилопласт
✓ Майды синтездейтін лейкопласт:	элайопласт
✓ Нәруызды синтездейтін лейкопласт:	протеинопласт
✓ Тек фототрофты организмдерге тән:	пластидтер
✓ Пластидтерді ең алғаш 1678 жылы анықтаған ғалым:	А.Левенгук
✓ Жасушадағы дөңгелек, тығыз денешік:	ядро
✓ Ядроның қызметі:	көбеюге қатысады
✓ Ядроның ішіндегі тығыз денешік:	ядрошық

✓ Екі ядролы ағза:	инфузория (кірпікшелі кебісше)
✓ Көпядролы, бір жасушалы ағза:	опалина
✓ Ядро цитоплазмадан екі мембраналық қабықша рақылы бөлінеді, қос мембрана арасындағы кеңістік:	перинуклеарлық кеңістік.
✓ Сыртқы ядролық мембрана қапталған:	рибосомалармен
✓ Ядроның ішкі мембранасы:	тегіс
✓ Ядро пішінін сақтауға, ядро ішінде хроматиндердің ретпен орналасуына ж/е ядро саңылауын ұйымдастыруға қатысады:	ядро ламинасы
✓ Хроматин (хромосома), бір н/е бірнеше ядрошық орналасқан ядроның ішкі ортасы:	кариоплазма (нуклеоплазма)
✓ Ядро шырыны:	кариоплазма (нуклеоплазма)
✓ Ядро шырынына еніп жатқан дәңгелек тығыз денешік:	ядрошық
✓ Нәрүз биосинтезін қамтамасыз ететін рибосома бөліктері қалыптасады, р-РНК құрылышы туралы ақпарат сақталады:	ядрошықта
✓ Ядроның ішкі нуклеопротеидтік құрылымы, бояулармен боялады, пішіні жағынан ядрошықпен ерекшеленеді:	хроматин
✓ Хроматиннің химиялық құрамы:	ДНҚ, гистонды нәрүз, гистонды емес нәрүз
✓ Хроматиннің генетикалық белсенді аймағы:	эухроматин
✓ Генетикалық белсенді емес аймағы:	гетерохроматин
✓ Ядроның атқаратын қызметтері:	тұқым қуалау ақпаратын өзінде сақтап, бөліну процесі барысында келесі ұрпақ жасушаларына беру, нәрүз синтезін реттеу, рибосома суббірліктерінің түзілетін орны
✓ ДНҚ жіпшелерінен, нәрүздан тұратын ядроның аса маңызды бөлігі:	хромосомалар
✓ Хромосомалардың диплоидты жиынтығы жұптарға бөлінеді, әр жұптағы хромосомалардың құрылышы, көлемі, гендер жиынтығы бірдей хромосомалар:	гомологті хромосомалар

✓ Нақты түрге тән метафазалық хромосомалар белгілерінің (саны, мөлшері, пішіні) жиынтығы:	кариотип
✓ Кариотиптің графикалық бейнесі:	идиограмма
✓ Аталық пен аналық кариотиптері бірдей болатын хромосомалар:	аутосома
✓ Аталық кариотиптің аналық кариотиптен айырмашылығын көрсететін хромосома:	жыныстық хромосома
✓ Хромосомалардың қызметі:	тұқым қуалау ақпаратын сақтау, генетикалық материалды аналық жасушадан жаңа түзілген жасушаларға жеткізу
✓ Жасуша ядроның қоршап жатқан қоймалжың зат, құрамына жасушалық мембранамен шектелген гиалоплазма (цитозоль) ж/е органеллалар кіреді:	цитоплазма
✓ Жасушаның барлық бөлімдерін бір – бірімен байланыстырады:	ЭПТ
✓ Нәруызды синтездеу, тұқым қуалау белгілерін сақтайды:	ядро
✓ Қоректік заттарды қарапайым химиялық заттарға дейін ыдыратады:	лизосома
✓ Егер заттар мембрана арқылы басқа қосылыстарға тәуелсіз тасымладану түрі:	юнипорт
✓ Егер бір заттың тасымалдануы басқа затпен бірге жүрсе:	контраспорт
✓ Егер тасымалдану бір бағытта жүрсе:	симпорт
✓ Егер тасымалдану қарама – қарсы бағытта жүрсе:	антиспорт
✓ Жануар жасушасының беткі қабаты:	гликокаликс
✓ Мембранның сұйық – мозаикалық моделін ұсынды:	Сингер, Николсон
✓ Май қышқылдарының қозғалысын азайтып, липидтер мен нәруыздардың латеральді диффузиясын төмендетеді:	холестерол
✓ Өсімдіктер мембрanasының құрамында болмайды:	Холестерол
✓ Фосфолипид түрлері:	глицерофосфолипидтер (фосфаттық қышқылдардың туындылары), сфингофосфолипидтер
✓ Санырауқұлақ жасушаларында протопласттардың ерекшелігінің бірі – цитоплазмалық мембранасының	ломасом

манында губка тәрізді электрондық – түссіз денешік:	
✓ Прокариоттар, жеке ядролары болмайды:	бактерия
✓ Жасуша қабықшасының құрамында ерекше пептидоглюкан:	муреин
✓ Бактерияда болмайтын органоидтар:	Гольджи аппараты, ЭПТ, митохондрия
✓ Бактерияда митохондрия қызметін атқарады:	мезосома
✓ Бактерияның қозғалыс органеллалары:	талшық
✓ Қолайсыз ортада бактериялар тұзеді:	спора
✓ Бактерияның цитоплазмасында орналасқан органеллалар:	нуклеоид, рибосома, мезосома
✓ Жасуша цитоплазмасында шашыраңқы орналасқан ядро заты:	нуклеоид
✓ Молекулалық массасы төмен автономды сақиналы ДНҚ молекулалары:	плазмидтер
✓ Бактериялардың ЭПТ бекініп орналаспайды:	рибосома
✓ Жасушаның негізгі қасиеттері:	зат алмасуы жүреді, сезімталдығы, көбеюге қабілетті.
✓ Жасуша қозғалысының түрлері:	амебоидтар, жылжығыштар, талшықтылар
✓ Жасушаны зерттейтін ғылым:	цитология

ҚОРЕКТЕНУ ЖӘНЕ ЗАТТАРДЫҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

✓ Ферменттер белсенділігіне әсер етуші заттар:	эффекторлар
✓ Катализдік процестерді тежейтін қосылыстар:	ингибиторлар
✓ Процесті жылдамдататын заттыр:	активаторлар
✓ Ферменттер ингибиторлары туралы теориялық және практикалық білімнің маңызы зор:	фармакология мен токсикологияда
✓ Ингибиторлар әрекет ету типіне қарай болады:	қайтымды, қайтымсыз.
✓ Құрамында темір болатын пигмент:	гемоглобин
✓ Гемоглобин молекуласының құрылымы:	глобин нәруызы
✓ Гемоглобиннің белсенді немесе простетикалық деп аталатын тобы:	гем
✓ Гемнің нәруызы тасымалдаушысы:	глобин
✓ Артерия қанының түсі ашық алқызыл түсті болу себебі:	оксигемоглобинге байланысты
✓ Вена қанының түсі қою қызыл болуының себебі:	тотықсызданған гемоглобинге байланысты
✓ Қанқалық бұлышқет пен жүрек бұлышқетін оттекпен байланыстыратын нәруыз:	миоглобин
✓ Құрылымдық жинақтың үшінші деңгейінің глобулалы нәруызы:	миоглобин
✓ Миоглобиннің нәруызды бөлігі:	апомиоглобин
✓ Миоглобин үшін оттектің диссоциациялану қисық сзығы:	гипербола
✓ Гемоглобин үшін диссоциациялану қисық сзығы:	сигмоидті
✓ Өкпедегі газ алмасу ,альвеолярлы ауа және қан арасындағы жүзеге асатын жолы:	диффузия
✓ Қабырғалары өте жұқа ,өз кезегінде газдардың өкпеден қанға енуіне және керісінше журуіне септігін тигізеді:	альвеолла
✓ Жасуша ішіндегі және оның сыртындағы заттар концентрациясының айырмасы:	концентрация градиенті
✓ Мембранның өткізгіштігі анықталады:	липидті биқабат арқылы
✓ Жылу – тербелісі энергиясының эсерінен әртүрлі ортада зат бөлшектерінің бейберекет қозғалысы:	диффузия
✓ Фик тендеуімен анықталады:	диффузия жылдамдығы

✓ Жеткілікті үлкен жылдамдықпен зарядталмаған полюсті кіші молекулалар:	аммиак, су
✓ Липидті мембрана арқылы қарапайым диффузиямен кіші полюсіз молекулалар:	май қышқылдары
✓ Тасымалданатын заттардан біраз айырмашылығы бар интегралды нәруыздар:	транслоказалар
✓ Қанның қызыл жасушалары:	эритроциттер
✓ Эритроциттер	пішіні ойыс диск тәрізді
✓ Жетілген эритроциттерде болмайды:	ядро
✓ Эритроциттердегі ерекше нәруыз:	гемоглобин
✓ Эритроциттердің негізгі қызметі:	газ алмасу
✓ Заттың мембрана арқылы нәруыз-тасымалдаушымен тасымалдануы:	унипорт
✓ Екі түрлі затты бір бағытта тасымалдауы:	симпорт
✓ Заттардың қарама-қарсы бағытта тасымалдануы:	антиморт
✓ Пассивті антимортты жүзеге асыратын көп транслоказа болатын органоид:	митохондрия
✓ Қаннан миға өтетін глюкоза тәрізді төмен молекулалар заттар тасымалданады:	женілдетілген диффузия

ТЫНЫС АЛУ

✓ Тиі организмдегі белгілі бір тәртіппен кезектесіп жүретін әртүрлі химиялық реакциялардың жынтығы:	зат алмасу
✓ Зат алмасу түрлері:	анаболизм, катаболизм
✓ Катаболизм балама атаулары:	ыдырау реакциясы, диссимиляция, энергетикалық алмасу
✓ Анаболизм балама атаулары:	синтез реакция, ассимиляция, пластикалық алмасу
✓ Жасуша сыртқы ортадан энергиясы мол органикалық заттарды қабылдаپ, ферменттердің жәрдемімен тотыға отырып, энергиясы аз қарапайым заттарға ыдырауы:	катаболизм
✓ Нәрүздар (белоктар) – аминқышқылына, майлар – май қышқылы мен глицеринге, көмірсулар – моносахаридтерге ыдырайды:	катаболизм
✓ Энергиясы мол заттардың ыдырауы:	катаболизм
✓ Зат алмасудың соңғы өнімдері:	CO₂, H₂O, NH₃
✓ Жасушада тұрақты болатын тасымалдаушы молекула, ол энергияға бай сутек атомын үнемі тасымалдайды:	НАДФ (никотинамиддинуклеотидфосфат)
✓ Зат алмасу қызметі:	жасушаны энергиямен қамтамасыз ету
✓ Пайдалы жұмысқа жарамайтын энергия:	энтропия
✓ АТФ құрылышы:	аденин, рибоза, 3 фосфор қышқылының қалдығы
✓ Фосфор қышқылының арасындағы байланыс:	макроэргиялық
✓ Ферменттердің әсерінен фосфор қышқылының бір молекуласы гидролиздене бөлінетін энергия:	40 кДж/моль
✓ Катаболизм нәтижесінде түзілген заттардан (аминқышқылдар, моносахаридтер, май қышқылдары, АТФ, НАДФ*Н) әртүрлі макромолекулалар синтезделеді:	анаболизм
✓ Зат алмасудың I сатысы:	коректік зат асқорыту мүшелерінде ферменттердің көмегімен тотыға отырып ыдырайды
✓ Зат алмасудың II сатысы:	ыдыраудың нәтижесінде пайда болған қарапайым заттар қанға сінірліп, организмдегі жасушаларға таралады

✓ Зат алмасудың III сатысы:	аралық алмасу жасушаларда жүреді. Организмді жаңартуға қажетті жасушаларды түзетін энергиясы мол күрылым материалдары синтезделеді
✓ Ферменттердің катысымен глюкозаның тотыға отырыш ыдырауы:	ГЛИКОЛИЗ
✓ Эукариотты клеткалардың барлығында болады, автотрофты, гетеротрофты организмдердің цитоплазмасында кездеседі:	МИТОХОНДРИЯ
✓ Митохондрияның сыртқы мембранасында болатын үрдіс:	ТОТЫҒУ ПРОЦЕСІ
✓ Митохондрияның ішкі мембранасының қызметі:	АТФ СИНТЕЗДЕЙДІ
✓ Жасушаның энергия станциясы:	МИТОХОНДРИЯ
✓ Митохондрияның қызметтері:	ТОТЫҒУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСАДЫ; АТФ СИНТЕЗДЕЙДІ
✓ Митохондрияның ең алғаш насекомдардың бұлшықетінен байқаған, оны “CARCOSOMA” деп атады:	Р.А.Келлиker
✓ Арнаулы бояулар арқылы тауып, оны “БИОБЛАСТ” деп атаған:	Р.Альтман
✓ Митохондрия деп атаған ғалым:	К.Бенда
✓ Тірі клеткалардың митохондрияларын жасылға бояп, олардың тотығу процестеріне қатысатыны дәлелдеген:	Михаэлис
✓ Ишкі мембрана сыртқыға едәуір ұзын, өйткені ол көптеген қатпар (тарақ), тұтік тәрізді (пластиналы) өсінділер түзеді:	КРИСТА
✓ Митохондрияның ішкі кеңістігі:	МАТРИКС
✓ Гликолиздің оттексіз (анаэробты) кезеңінде түзілетін АТФ мөлшері:	2
✓ Глюкозаның толық ыдырау процесі:	ГЛИКОЛИЗДІҢ ОТТЕКТІ (АЭРОБТЫ) ЫДЫРАУ
✓ Гликолиздің оттекті (аэробты) ыдырауы жүреді:	МИТОХОНДРИЯНЫҢ ИШКІ МЕМБРАНАСЫНДА
✓ Гликолиздің оттекті ыдырауы кезеңінде түзілетін АТФ мөлшері:	36
✓ Гликолиздің толық ыдырауы кезеңінде түзілетін АТФ мөлшері:	38 моль АТФ = 1520 кДж
✓ Лимон қышқылы айналымын (Кребс циклі) ашты:	Г.Кребс

БӨЛІП ШЫГАРУ

✓ Зәр түзілу механизмі :	бүйректе жүзеге асатын маңызды процесс.
✓ Зәр түзілу механизмі 3 кезеңнен тұрады:	Абсорбция (фильтрация); Реабсорбция (қайта сінірлұ); Секреция белінүі.
✓ Зәр:	судан, электролиттерден, соңғы өнімдерінің тұрады.
✓ Бүйректе несеп түзілу механизмі басталады:	бүйрек капсуласындағы абсорбция (фильтрация) процесінен, бірінші реттік зәр түзілуден басталып, нефронмен жүзеге асырылады.
✓ Нефрон :	ішінде капиллярлар шумагы бар капсуланы және иректелген бүйрек өзекшесінің ілмектері
✓ Нефрон :	бүйректің негізгі құрылымдық және қызмет атқаратын бірлігі
✓ Екі бүйрек арқылы бір минутта	1 200 мл қан өтеді.
✓ Қанның көлемінде	700 мл плазма болады.
✓ Адам бойында минутына	125 мл жұық құзінді түзіледі.
✓ 1 сағ ішінде бүйректе	125 мл/мин * 60 мин/сағ = 7 500 мл.
✓ Тәулігіне	7 500 мл/сағ * 24 сағ/тәул = 180 000 мл зәр құзіледі
✓ Реабсорбция :	бүйрек өзекшелерінен заттардың капиллярларға, өзекшелерді қоршап тұрған перитубулярлы капиллярларға кері қозгалысы.
✓ Су :	тұз гомеостазының маңызды параметрлері – осмостық қысым, pH және жасушаішлік, жасушадан тыс сұйықтықтың көлемі.
✓ Қанның салыстырмалы түрдегі осмостық қысымы:	судың (ішу арқылы) организмге түсімен, тыныс шығару ауасы, тер, үлкен дәрет, зәр арқылы организмнен шығарылуды арасындағы тепе – тендік ретінде сақталады.
✓ Су алмасуды реттеу жүйесінің құрылымы күрделі, қызметі:	организмде сұйықтықтың оптимальды көлемін ұстап тұру
✓ Су алмасуды реттеу түрлері:	афференттік, эфференттік, орталық.
✓ Орталық буын (шөлдету орталығы):	гипоталамустың алдыңғы бөлігіндегі нейрондар
✓ Афференттік буын:	сезімтал жүйке ұштары (рецепторлар) және әртүрлі мүшелердің жүйке талшықтары.
✓ Эфференттік буын:	бүйрек, тер бездері, ішек, өкпе кіреді.
✓ АДГ (антидиуретикалық гормон):	су – тұз тепе – тендігін реттеуге қатысадын ж/е дисталды иректелген өзекшелер мен бүйректің жинағыш тұтікшелеріне әсер ететін негізгі гормон.
✓ Неге антидиуретикалық:	Бүйрек өзекшелерінен суды реабсорбциялау ж/е концентарциясы жоғары (антидиурез)

	зәрдің аз көлемін сыртқа шығару жүзеге асатындықтан солай аталған
✓ Нысана – мүшелер:	жоғары қан қысымынан бәрінен де көп зардап шегетін мүшелер.
✓ Нысана мүшелерге жатады:	жүрек, ми, бұйрек, қантамырлар, көз.
✓ Бұйректің ерекшеліктері:	Нефронның бір бөлігі жұмысын тоқтатады; Атрофияға ұшырайды; Бірінші реттік бүріскең бұйрек пайда болады; Жоғары артериялық қысым әсерінен зәрде альбумин нәруызы пайда болыш, бұйректің жұмысы бәсендейді;
✓ Дисталды өзекшелер мен жинағыш тұтіктердің мембраннында рецепторлардың екі типі орналасады:	V2, V1
✓ V2 рецепторлары:	бұйрек өзекшелерінің мембраннында табылған. АДГ секрецияланады. Судың реабсорбциясы зәр құрамындағы натрий, хлор, фосфат иондарының концентрациясының артуына әкеледі. Осы арқылы сұйықтықтар мен электролиттердің гомеостазы реттеледі.
✓ V1 рецепторлары:	қантамырларының бірынғай салалы бұлшықеттерінде шоғарланған.
✓ АДГ – ның секрециялануы:	тамырдың бұлшықетті қабатын жиырып, тамырдың тарылуына себепші болады. Бұдан атериялық қысым жоғарылады.
✓ АДГ (антидиуретикалық гормон):	дәстүрлі, дәстүрлі емес деп болінеді.
✓ АДГ әсер ету механизм байланысты:	V1, V2 рецепторлары.
✓ АДГ болмаса:	Зәр концентренбейді; Қан көлемі ұлғаяды, артериялық қысым жоғарылады; Диурез төмендейді; Зәрдің салыстырамалы тығыздығы артады; Судың күшті қайта сінірліуі нәтижесінде жасушаарлық сұйықтықтың осмостық қысымы төмендейді. V2 – мен байланыстыру су өзектерін түзіп, жинағыш өзекше мембраннына кіріп кететін мембрана нәруызы – акпорин 2 – нің синтезделуіне қатысады.
✓ Аквапориндер:	су арналары деп аталатын биологиялық мембранныар арқылы өтетін белоктық табигат молекулалары
✓ АДГ – ның дәстүрлі құбылысы:	қантамырлар жасушаларының бірынғай салалы бұлшықет мембраннында шоғырланған.
✓ Вазопрессин гормоны:	артериялық қысым жоғарылады, зәр бөліну азаяды.
✓ АДГ – ның дәстүрлі емес құбылысы:	есте сақтау механизмінің эрекетінде, күйзеліс сипатының аспектісінде, ауырсыну сезімінің

	артуында, пролактин секрециясының (лактация гормоны) стимуляцияланады.
✓ АДГ концентрациясының артуы:	жабығу, үрейлену, естен айырылу кезінде байқалады.
✓ Сүйек ұлпасындағы АДГ (антидиуретикалық гормон) әсері:	сүйек құрылышының жаңару, минералдану процесіне жағдай туғызып, остеобласттардың белсененділігін арттыру.
✓ АДГ – ның биологиялық эффектісі:	еске сақтауды қамтамасыз ету, қабылдауды жақсарту. «Адалдық гормоны» деп аталады
✓ Вазопрессин мен АДГ – ның негізгі қызметі:	денедегі суды сақтау, қантамырларын тарылту.
✓ 1674 ж Томас Уиллис диабетті	қантты ж/е қантсыз деп беледі.
✓ Қантсыз диабет :	АДГ (антидиуретикалық гормон) мұлдем жетіспеушілігін түйндайды. Белгілері: судың ретсіз сыртқа шығуы, (экскреция), организмнің суыздануы.
✓ Вазопрессин жетіспесе:	бұйректің иректелген өзекшелерінің дисталды белгінде су реабсорбциясының азауына әкеледі, тулігіне 4 – 8 л диурездің артуына әкеледі. Полиурия – зәрдің көп болінуі.
✓ Полидипсия :	организмнің суыздануы, гипоталамустағы шөлдеу орталығынің тітіркенеуі.
✓ Қантсыз диабет белгілері:	әлсіздік, бас айналу, суыздану, тахикардия, босаңсу, енбекке қабілеттілігінің төмендеуі, тері қабатының, шырышты қабатының құрғауы, тырнақтың сынғыштығы, көніл күйдің жиі өзгеруі түйндайды
✓ Вазопрессин гипофункциясы:	полидипсия; қантсыз диабет
✓ Вазопрессин гиперфункциясы:	гормон әсерінен айда болатын ісік, жұқпалы аурулардан түйндайтын ОЖЖ бұзылуды салдарынан АДГ артық секрециялануына байланысты. Мысалы, Пархон синдромы.
✓ Организмнің ішкі ортасының осмостық қысымының жоғарылауы:	диурезді азайтып, АДГ өнімділігі артады, қанда натрий мөлешір төмендейді (гипонатриемия), осмостық қысым артады.
✓ Пархон синдромының белгілері:	күйзеліс, әлсіздік, бұлшықеттерідің түйілуі, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, ен қауіптісі – ми ісігіне әкелуі мүмкін.
✓ Пархон синдромымен ауырған адамдар:	емдем құрамында тұз көп мөлшерде болуы тиіс, сүйиқтықты ішуді шектеу (тәулігіне 1 л артық су ішпеу керек).
✓ Улану түрлери:	іштей (эндогенды), сырттай (экзогенды).
✓ Емдеу шараларының мақсаты:	ұытты заттардың әсерін тежеу, организмнен шығару.
✓ Қанды жасанды тазартудың процесстері:	сүйілту, диализ, сіңіру (сорбция).

<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сұйылту: 	<p>құрамында уытты заттар болатын биологиялық сұйықтықты басқа биологиялық сұйықтықпен н/е уытты заттардың концентрациясын төмендету, оларды организмнен алыш тастау мақсатында жасанды ортамен сұйылту.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Диализ : 	<p>өлшемдері 500 А дейнігі өлшемдер мен иондарды өткізіп, ал каллоидты бөлшектер мен макромолекулаларды ұстап қалатын мембранның жартылай өткізгіштік қасиетіне негізделген төмен молекулалы заттарды алыш тастау процесі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сорбция (сініру): 	<p>сұйық ж/е газ текес заттардың қатты ж/е сұйық фазада таңдалып жүтылуы. Екі компонент әрекетке түседі: абсорбент (сініретін зат), адсорбат (сінірілетін зат)</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Денедегі қанды ж/е басқа сұйықтықтарды жасанды тазартудың негізгі әдістері: 	<p>сұйықтықпен, емдеу шаралары, гемодилюция, жеделдетілген диурез, энтеросорбция, перинеалдық диализ, гемосорбция, гемодиализ, плазмаферез, гемофильтрация, гемодиафильтрация</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сұйықтықпен емдеу шаралары (инфузиондық терапия): 	<p>уытты заттарды бейтараптайтын, тамырдан тыс тұрған сұйықтықтың тамыр арнасына ауысына жағдай жасайтын құралдарды қолдану әдісі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Гемодилюция н/е қанның сұйылуы (қан құрамында судың көбеюі) 	<p>альбумин, гемодез, протеин, желатиноль тәрізді плазманың орнын басатын ерітінділерді пайдалану әдісі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жеделдетілген (кушайтілген) диурез: 	<p>алдын ала суды жүктөу, диуреттік заттарды енгізу, электролиттік құрамды түзету тәрізді үш кезеңнен тұрады.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Энтеросорбция: 	<p>іріндік – қабыну ауруларында бактериялық уытты заттан қаннан асқазан – ішек жолына тұсуы.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Перитонеалдық (перинеалдық) диализ (ішперделік диализ): 	<p>микробтан ластануды азайту үшін катетер (құыс тетік) арқылы диализдейтін ерітіндімен күрсақ құысын шаю әдісі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Гемодиализ: 	<p>«жасанды бүйрек» аппаратының жартылай өткізгіш мембранның арқылы қан плазмасын сұзу.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Гемосорбция: 	<p>қатты уланғанда, уланумен байланысты организмнен тыс қанды айдау жолымен уытты заттардан тазарту әдісі.</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Плазмаферез: 	<p>организмнен уытты өнімдерді плазмамен бірге механикалық шығарудан ж/е донор плазмасын қую арқылы организмнің ішкі ортасының жетіспейтін өмірлік маңызы бар компоненттерін орнына келтіру.</p>

✓ Гемофильтрация (қанды сүзу):	өткізгіштігі жоғары мембрана арқылы қанды сүзіп, сүзіндіні арнайы ерітіндімен бір мезілде ауыстыра отырып қанды тазалау әдісі.
✓ Гемодиафильтрация:	гемодиализді де, гемофильтрацияны да пайдалануға негізделген әдіс.
✓ Организмде бүйрек жауап беретін процесстер:	Несеп бөлөтін жүйенің орталық мүшесі; Организмді артық сүйықтықтан, уылты заттардан, тұздардан тазалайды. Артериялық қысымға жауапты; Ренин гормонын синтездейді;
✓ Ренин гормоны:	организмде судың тепе – тендікте болуына жауап береді.
✓ Диализ:	қаны бүйрек көмегінсіз тазалау тәсілі.
✓ Диализдің әсер ету (жұмыс ітсеу) принципі:	осмос пен диффузия заңдарына негізделген.
✓ Диализ :	жартылай өткізгіш мембрана көмегімен каллиодты ерітінділер мен жоғары молекулалы заттардың ерітінділерін оларда еріген төмен молекулалы қосылыстардан тазарту.
✓ Диализ процесіне 2 ерітінді қатысады:	диализденетін, диализдеуші (еріткіш
✓ Диализат :	диализ процесіне қатысатын сүйықтықтардың бірі.
✓ Диализаттың атқаратын басты қызметі:	қан құрамынан зиянды заттарды алыш тастаң, пайдалы заттарды сақтаң қалу.
✓ Диализаторлар:	мембранныарды пайдалану арқылы жұмыс істейтін қондырығылар.
✓ Диализатор түрлері:	пластиңкасы, түтікше – талшықты.
✓ Пластиңкалды диализатор:	қан бойлай ағатын қабырғаларымен қатпарлы бар бірнеше параллель орналасқан пластиңкалардан тұрады. Қан үюн болдырмайды. Фильтрация деңгейі жеңіл бақыланады.
✓ Түтікше талшықты диализатор:	қан ж/е диализат қарама – қарсы бағытта ағады. Диализаторға түскен қан талшықтардың бір шетінен еніп осы талшықтардың бойымен ағып өтеді. Сол мезетте қарсы диализат жіберіледі.
✓ Диализдің маңызы:	организмнен қалдықтарды бөліп шығарады, артық тұздың жиналуын болдырмайды, қанды қалыпты күйде ұстаң тұрады, артериялық қысымды бақылайды.
✓ Организмді тазалау үшін қолданылатын бүйрек диализінің 2 түрі:	перитонеалдық, гемодиализ.
✓ Перитонеалдық (ішастарлық) диализ:	хирургиялық жолмен жергілікті наркоз арқылы жүргізіледі. Аурудың құрсақ

	қуысына катетер енгізіледі. Одан 1 – 2 л глюкоза ертіндісі, тұздар, қажетті заттар еткізіледі.
✓ Қанды тазалаудың осы тәсілін жүргізуге болмайтын жағдайлар:	ішперде қуысының жабысып қалуы (спайка), семіру, құрсақ қабырғалары жанындағы терінің іріндеуі, психикалық күйзелістер.
✓ Алғаш рет қан тазарту шаралары	1911 ж Страсбургте жүргізді.
✓ Бүйрек жетіспеушілігі :	организмнен зәр арқылы шығарылатын заттардың нормадан ауытқуы, қанда азотты қалдықтардың жиналуы ж/е бүйректің беліп шығару қызметінің бұзылуы. Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі – 3 айдын қолемінде н/е одан да көп уақытта байқалатын бүйрек қызметінің қайтымсыз бұзылу синромы
✓ Созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің нәтижесі:	Несепнәр, креатинин, несеп қышқылы тәрізді уытты әсері бар азот қалдықтарының көбейіп кетуіне байланысты организм зәрмен уланады н/е уремия (зәрлі қан) дамиды
✓ Бүйрек жетіспеушілігінің негізгі себептері:	Бүйректің шумақтың аппаратының зақымдануы, «В» н/е «С» вирусты гепатиті, 1 ж/е 2 типті қант диабеті, буынның ұстамалы ауруы, безгек, созылмалы пиелонефрит
✓ Бүйрек жетіспеушілігінің белгілері:	Әлсіздік, шаршау; Терінің қышуы, бұлышқеттің тартылуы; Ауыздың кебуі, күйік дәмінің пайда болуы; Тәбеттің болмауы, құрсақ ұстінің ауруы, ауырлауы; Демігу, артериялық қысымның жоғарылауы; Қанның ұйығыштығының бұзылуы;
✓ Никтурия :	түнде жиі несеп шығару;
✓ Анемия :	созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің сипатты белгілердің бірі. Гемолиз пайда болады.
✓ Гемолиз:	қызыл қан түйіршіктерінің қабықтарының бұзылуы.
✓ Гепатореналды синдром (бауырлық-бүйректік синдром):	бүйрек жетіспеушілігінің негізгі себептері – бауырдың зақымдануы.
✓ Реберг – Тареев сынамасы:	бүйрек жетіспеушілігі белгісін анықтау үшін жүргізілетін талдаулар.
✓ Реберг – Тареев сынамасы :	бүйректің қызметінің күйін сипаттайты. Сондай – ақ адамның жасы, дене салмағы, жынысы, қандағы креатинин деңгейі қосымша пайдаланылады
✓ Креатинин:	бұлышқы еттен шыққан қалдық өнім.
✓ Бүйрек жетіспеушілігінің соңғы сатыларында толықтырушы ем :	қан тазарту ж/е перитонеалдық диализ.
✓ Бүйрек ауыстыру:	созылмалы бүйрек жетіспеушілігін жедел емдеудің жаңа әдісі.

✓ Бұйректі трансплантациялау :	бір адамға екінші адамнан – донордан алғынған бұйректі ауыстырып салудан тұратын хирургиялық ота жасау.
✓ Бұйректі ауыстыру:	1902 жылы жүзеге асқан болатын.
✓ 1933 ж	алғаш рет қайтыс болған адамның бұйрегі қолданылады.
✓ 1954 ж	бірінші рет ота жасалды.
✓ 1979 ж	Қазақстанда бірінші рет донор бұйрегін қолданудың сәтті отасы жасалды.
✓ Бұйректі трансплантациялаудағы қарсы көрсеткіштер:	Донор лимфоциттерімен айқас иммунологиялық реакция – трансплантатты қабылдамау; қатерлі жаңа түзлімдер; белсенді жұқпа аурулары (туберкулез, АИТВ, инфекция, белсенді асқазан жарасы); созылмалы психоз.
✓ Перфузия әдісі:	бұйректі бұзылудан сақтайтын ерітінді
✓ Гликолиз сатылары:	дайындық, оттекті (аэробты), оттексіз (анаэробты)
✓ Эукариоттар мен көптеген прокариоттар АТФ молекуласын синтездеуге қажетті энергияны глюкозаның ыдырауынан алады. 3 сатыдан тұрады:	гликолиз, Кребс циклі (лимон қышқылының айналымы), Электрон тасымалдау тізбегі
✓ Гликолиздің дайындық кезеңі жүреді:	цитоплазмада
✓ Арнайы ферменттердің әсерімен энергиясы мол органикалық заттар энергиясы аз, қарапайым заттарға дейін ыдырарап, келесі жүретін реакциясының бастамасы:	гликолиздің дайындық кезеңі
✓ Гликолиздің оттексіз (анаэробты) ыдырауы жүреді:	митохондрияның ішкі мембранасы
✓ Гликолиздің оттексіз (анаэробты) кезеңінде түзілетін АТФ мөлшері:	2
✓ Глюкозаның толық ыдырау процесі:	гликолиздің оттекті (аэробты) ыдырау
✓ Гликолиздің оттекті (аэробты) ыдырауы жүреді:	митохондрияның ішкі мембранасы
✓ Гликолиздің оттекті ыдырауы кезінде түзілетін АТФ мөлшері:	36
✓ Гликолиздің толық ыдырауы кезінде түзілетін АТФ мөлшері:	38 моль АТФ = 1520кДж
✓ Лимон қышқылы айналымын (Кребс циклі) ашты:	Г.Кребс
✓ Глюкоза мөлшерінің артуы:	гипергликемия
✓ Глюкоза мөлшерінің жетіспеуі:	гипогликемия
✓ Гликогеннен глюкоза түзеді:	гликогенолиз
✓ Зәрде глюкоза мөлшерінің артуы:	глюкозурия

ЖАСУШАЛЫҚ ЦИКЛ

✓ Жасуша 3 түрлі жолмен бөлінеді:	митоз, амитоз, мейоз
✓ Дене (соматикалық) жасушаларының бөлінуі:	митоз
✓ Қарапайымдылардың тікелей бөлінуі:	амитоз
✓ Жыныс жасушаларының бөлінуі:	мейоз
✓ Жасушалық цикл кезеңдері:	интерфаза кезеңі, митоздық цикл
✓ Интерфаза кезеңіне тән:	жасушада РНҚ мен нәруыздардың синтезі жедел түрде жүріп, ДНҚ биосинтезіне қатысушы ферменттердің белсенелілігі жоғарылайды.
✓ Митоз процесіне тән үдерістер:	Тұзілген жас жасушалардың хромосома саны өзгермей, аналық жасушаның хромосома санымен бірдей болып өзгеріссіз қалады; Бір аналыктан 2 жас жасуша тұзіледі, оның хромосома саны аналық хромосома санымен бірдей болып қалады;
✓ Митоз кезеңдерін есте сақтау үшін Парта Менің Алдында Тұр деген сөйлемді жаттап алыныз:	Профаза, Метафаза, Анафаза, Телофаза.
✓ Митоздың профаза үдерісінде жүреді:	Хромосомалар спиральданады, айқын көрінеді; Ядро жарғақшасы ериді, ядроның жойылады; Центриоль екі еселенеді, полюстерге ажырайды; Ядроның тар мен ядро қабықшасы бұзылады; Цитоплазмадағы хромосомалар шиыршақтанады; Ядро көлемі үлкейіп, хромосомалар ширатылады
✓ Митоздың метафаза үдерісінде жүреді:	хромосомалардың ширатылуы қүшті жүреді және полюстерден бірдей қашықтықта орналасқан қысқарған хромосомалар жасуша экваторына бағытталады. Хромосомалардың пішіні мен формасы айқын көрінеді; Хроматидтер жасушаның екі жақ полюсіне жылжиды.
✓ Митоздың анафаза үдерісінде жүреді:	Анафазада ахроматин жіппелеріне бекінген хроматидтер бір-бірінен ажырап, жеке хромосомаларға айналады. Ахроматин жіппелеріне бекінген жіппелер бір – бірінен ажырап, жеке хромосомаларға айналады.
✓ Митоздың телофаза үдерісі-	митоздың соңғы сатысы. Хромосомалар тек екі бөлікке бөлінеді; Ядро жарғақшасы түзіліп, екі аналық жасуша пайда болады;

✓ Жыныс бездерінде аталақ пен аналық гаметалардың дамып жетілуі:	гаметогенез
✓ Гаметогенез түрлері:	сперматогенез, оогенез
✓ Аталақ жыныс жасушалырының (сперматозоид) дамуы мен қалыптасу процесі:	сперматогенез
✓ Аналық жыныс жасушаларының (жұмыртқажасуша) дамуы мен қалыптасуы:	овогенез
✓ Гаметалар түзілуіне қатыспайтын барлық қалған жасушалар:	сомалық жасушалар
✓ Ұрықтанбаған жұмыртқа жасушасынан жаңа аналық организмнің дамуы:	партеногенез
✓ Партеногенездік құбылыс тән:	балара, жабайы ара, дафния, жібек құрты
✓ Жасанды партоногенездік жолмен көбею қабілеті бар жібек құртын алған ғалым:	Б.Л.Астауров
✓ Өсімдіктерде жыныс жасушаларының даму процесі бөлінеді:	екі кезеңге
✓ 1 кезең-спорогенез	ол споралар түзілуімен аяқталады
✓ 2 кезең-гаметогенез	онда жетілген гаметалар түзіледі
✓ Бір мезгілде екі спермийдің екі жасушаны ұрықтандыруын гүлді өсімдіктердің ұрықтануы аталағы:	қосарлы ұрықтану
✓ Жабық тұқымды қосарлы ұрықтану процесін алғаш рет ашқан:	орыс цитологі С.Г.Навашин
✓ Қатерлі ісік ауруының пайда болу процесі:	канцерогенез
✓ Қазіргі кезде қатерлі ісік ауруының тұқым қуалайтын түрлері:	ретинобластоманың (торқабықтың қатерлі ісігі) бір түрі, Фанкони анемиясы (қаназдығы), пигменттік ксеролерма және нейрофиброматоз.
✓ Сомалық мутацияларды туындалады:	радиация сәулелерінің, ультракүлгін сәулелерінің, химиялық заттардың әсері.
✓ Фанкони анемиясының белгілері:	қанқа, әсіресе саусақ сүйектері, кәрі жілік құрылышы бұзылады. сүйектерде кемік жасушалары жетілмейді, сондыктан эритроциттер аз мөлшерде түзіледі.
✓ Балалардың көздерінде болатын ісік ауруы:	ретинобластома.
✓ Дер кезінде дұрыс емделмесе, көздеңігі ісік миға беріліп, балалардың өліп қалуына алыш келетін ауру:	ретинобластома.

✓ РНҚ молекуласы негізінде ДНҚ молекуласының синтезделуін қамтамасыз ететін ерекше фермент:	көрі транскриптаза
✓ Көрі транскриптаза ферментін ашты:	Г.Темін және Д.Балтимор.
✓ РНҚ-лы вирустар:	ретровирустар
✓ Обыр туғызғыш заттар:	вирустар. онкогендер, гормондар, химиялық канцерогендер.
✓ Биологиялық процесс, белгілі бір жасқа жеткеннен кейінгі организмнің мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуі:	қартаю
✓ Организмнің құрылымдық ерекшелігімен және биохимиялық өзгерістердің пайда болуымен сипатталатын құбылыс:	қартаю
✓ Қартаю проблемаларын зерттейтін ғылым:	геронтология (грекше герон-шал)
✓ Геронтология терминін ұсынған ғалым:	1903 ж. И.И.Мечников
✓ “Герпатрияс: егде адамдардың аурулары және оны емдеу” кітабының авторы:	американдық дәрігер П.Л.Нашер
✓ Адам егде тартқан жасқа келсе де, денсаулығы жақсы, ширақ, өзін-өзі күтіп, айналасына назар аударып, белсенділік көрсете алатын жағдайда болуы:	физиологиялық қартаю
✓ Кейбір адамдардың қалыптан тыс ерте қартаюы:	прогерия
✓ Балалардың аутосомдық-рецессивтік жолмен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ауруы:	Гетчинсон-Гилфорд синдромы
✓ Гетчинсон-Гилфорд синдромының белгілері:	баланың бір жасар кезінде байқалып, тез қарқынмен дамып, 10 жаста жүрек инфарктісіне әкелуі мүмкін, баланың бойының есуі баяулайды. шашы ағарып, түс бастайды, терісі жұқарып, катпарланып кетеді.
✓ Ерте қартаюдың ең негізгі себебі:	қозгалудың азаюы, бұлшықет жұмысының жеткіліксіздігі: (гиподинамия).
✓ «Қуаттық қартаю теориясы» еңбегінің авторы:	М.Рубнер
✓ “Қартаю - жасушада нәруыз молекуласының синтезделуінің бұзылуы салдарынан болады” деп болжам жасаған ғалым:	Нагорный

ТҮҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚ ПЕН ӨЗГЕРГІШТІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзгергіштік: 	организмнің бойындағы түрлі белгілер мен қасиеттердің сыртқы орта факторларының әсерінен өзгеруі, соған байланысты ол жаңа белгі қасиеттерге ие болады н/е кей белгілерін жояды.
